

ӨОЖ 349.6:5021

<sup>1</sup>А.Қ. Жангабулова\*, <sup>2</sup>А.Т. Салыхбаева<sup>1</sup>Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к., Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: zarya\_kz@mail.ru

**Жер қойнауын пайдалану құқығын берудегі қоғамдық экологиялық сараптаманың рөлі**

Бұл мақалада авторлар жер қойнауын пайдалану құқығын берудегі ҚР қоғамдық экологиялық сараптаманың рөлі мен оны жүзеге асыру мәселелері және шешу жолдарын ұсынады. Жер қойнауын пайдаланудағы қоғамдық экологиялық сараптаманың орны және жүзеге асыру тетігімен, оның құқықтық реттелуі мәселесі қарастырылған.

**Түйін сөздер:** экология, экологиялық сараптама, жер қойнауы.

A.K.Dzhangabulova, A.T. Salykhbaeva

**The role of public environmental expertise in the provision of the right to subsoil use**

In this article the author examines the problems of implementation of public environmental review of RK in granting the right to subsoil use and offers some solutions. Examined the role of public ecological expertise in the provision of mineral rights and the legal regulation of this sector.

**Key words:** ecology, environmental assessment, mineral resources.

A.K. Джангабулова, А.Т. Салыхбаева

**Роль общественной экологической экспертизы в предоставлении права на недропользования**

В данной статье авторы рассматривают проблемы реализации общественной экологической экспертизы РК в предоставлении права на недропользования и предлагают некоторые пути решений. Рассмотрены роль общественной экологической экспертизы в предоставлении права на недропользования и правовое регулирование данной сферы.

**Ключевые слова:** экология, экологическая экспертиза, недра.

Қазақстан минералды-шикізат қорларының көлемі және әр алуандығы жөнінен әлемде жетекші орындардың бірін иеленеді. Барлау жұмыстарының негізінде қуатты мұнай-газ, уран, көмір өнеркәсібі, металға жатпайтын әртүрлі пайдалы қазбаларды, қара, түсті және асыл металл кендерін қазып алу мен оларды өңдеу өнеркәсіптері құрылды. Бұл сала қазірше Қазақстан экономикасының ең басыңқы негізгі бюджет қалыптастырушы секторы болып тұр. Қорғасын, мырыш, мыс, мұнай, хром, темір, марганец, қалайы, алтын, фосфориттер, бор мен калий тұздарының қоры жөнінен біздің еліміз

әлемдегі алғашқы он елдің қатарына кіреді. Әсіресе, марганец пен хромның шикізат қоры бәсекеге аса қабілетті. Алайда табиғи қорлар шексіз емес. Біздің мамандарымыздың болжауынша, халықтың қазіргі өсуі және тұтынуы жағдайында 2050 жылға қарай пайдаланылатын минералды шикізат қорының көлемі бүгінге дейін қолданылғанының кем дегенде 25 пайызынан, ал ең жоғары болжам бойынша 50 пайызынан асады [4].

Жер қойнауын тиімді пайдалану бүгін және келешекте елдің экономикалық және экологиялық жағдайына әсер етпей қоймайды. “Жер

қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы” ҚР 2010 ж. 24 маусымдағы заңы, осы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді зерттеу мен пайдалануға бағытталған. Жер қойнауы деп – топырақ қабатынан төмен орналасқан не пайдалы қазбалары жер бетіне шығып жатқан, ал топырақ қабаты жоқ болса, жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігін айтамыз [1].

Жер қойнауының учаскелерін бөлу заңмен реттеледі және оны уәкілетті орган жүзеге асырады. Өз кезегінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес келісімшартта айқындалған көлемде және мерзімге жер пайдалану құқығына жер учаскесін береді, қажет болған жағдайда жер учаскесін алып қоюды жүргізеді;

2) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілген жер және су учаскелерінің қорғалуын, жер қойнауын пайдаланушының экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын, археологиялық ескерткіштер мен басқа да тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) келісімшарт жасасу кезінде өңір халқының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мүдделерінің сақталумен байланысты мәселелерді шешу үшін жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздерге қатысады;

4) тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы жергілікті қамту мен аумақтарды әлеуметтік дамыту, оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

5) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арнал-

ған жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарттық құжаттар жобаларының сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады;

6) жер қойнауын пайдаланумен байланысты, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар объектілердің сақталуына жәрдемдеседі;

7) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг пен бақылайды, т.б. қызметті өз құзырет шегінде жүзеге асырады [1].

Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай операцияларды жүргізуге беріледі: 1) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу; 2) барлау; 3) өндіру; 4) бірлескен барлау мен өндіру; 5) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану үшін.

Жер қойнауын пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтемді немесе өтеусіз болуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдаланушыға жеке меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі жер учаскелерінде кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру тұрақты және өтеусіз жер қойнауын пайдалану құқығымен жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың барлық қалған түрлері уақытша және өтемді жер қойнауын пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге және келісімшарт талаптарына қатысты ақпарат беру заңға сәйкес жүргізіледі.

Барлық мүдделі тұлғалардың құзыретті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органында:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізудің талаптарымен және оның нәтижелері туралы шешімнің мазмұнымен;

2) жасалған келісімшарттар бойынша конкурс талаптарының орындалуымен танысуға құқығы бар.

Тараптар құпия деп таныған ақпаратты мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының Парламентіне және жергілікті өкілді органдарға беру құпиялылық режимін бұзу болып табылмайды [2].

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың жобасы

модельдік келісімшарттың, тікелей келіссөздер хаттамасының немесе жеңімпаздың конкурстық ұсынысының және белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалау құжаттарының негізінде жасалып, бекітілген жұмыс бағдарламасының негізінде әзірленеді.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасының ережелері келісімшарт талаптарына заңға сәйкес келуге тиіс.

Барлауға, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың жобасы талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының бағалау жұмыстарының жобасын әзірлеу жөніндегі міндеттемелерін көздеуге тиіс.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасы оған қол қойылғанға дейін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасына, сонымен қатар құқықтық, экологиялық, экономикалық міндетті сараптамалар жасалуға тиіс.

Сараптама келісімшарт ережелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келу тұрғысынан жүргізіледі. Сонымен қатар келісімшарт талаптарының соның негізінде конкурс жеңіп алынған конкурстық ұсынысқа немесе тікелей келіссөздер талаптарына сәйкестігін тексеру, жобаны іске асырудың экономикалық жағынан мақсатқа сай болуы мен әлеуметтік мәнін бағалау экономикалық сараптаманың нысанасы болып табылады [1].

Сараптамалық қорытындыларды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік орган тиісті сараптаманы жүргізуге қажетті құжаттардың толық пакетін берген кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Сараптама нәтижелері сараптамалық қорытындымен ресімделеді, ол теріс немесе оң болуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасуға үміткер тұлға мемлекеттік органның сараптамалық қорытындыда жазған ескертулерін жою мақсатында келісімшарт жобасын пысықтайды.

Аталған ескертулер жойылған жағдайда мемлекеттік орган қайталама сараптаманы жүргізеді. Мемлекеттік қайталама сараптама жобалау және өзге де құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін өзгерістер енгізілген жағдайларда да жүргізіледі.

Құқықтық және (немесе) экономикалық сараптаманың ескертулерімен келіспеген жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасуға үміткер тұлға өзінің дәлелді қарсылықтарын құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына оларды келісім комиссиясында қарау үшін жіберуге құқылы.

Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ұсынылған қарсылықтарды қарау үшін он күндік мерзімде келісім комиссиясын құрады. Келісім комиссиясының құрамына құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының, ескертулер ұсынған мемлекеттік органдардың және келісімшарт жасасуға үміткер тұлғаның өкілдері кіреді. Келісім комиссиясы отырыс нәтижелері бойынша хаттамада көрсетілетін ұсынымдарды әзірлейді. Келісім комиссиясының ұсынымдары ескеріле отырып, келісімшарт қайталама сараптамаға жіберіледі. Келісімшарт жасасуға үміткер тұлға келісімшарттың және жұмыс бағдарламасының жобаларын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келіскенге және қажетті сараптамалардың нәтижелерін алғанға дейін, бірақ жобалау құжаттарын белгіленген тәртіппен бекітуден ерте болмайтындай етіп, келісімшарттың және жұмыс бағдарламасының жобаларын құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келісуге жіберуге құқылы.

Келісімшарттың және жұмыс бағдарламасының жобаларын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келіскеннен, барлық қажетті сараптамалар жүргізілгеннен және келісімшарт жасасуға үміткер тұлға сараптамалық қорытындыларда көрсетілген барлық ескертулерді жойғаннан кейін келісімшарт жасасуға үміткер тұлға келісімшарт

жобасын жұмыс бағдарламасымен, барлық бекітілген жобалау құжаттарымен, келісулердің және сараптамалардың нәтижелерімен қоса түпкілікті келісу үшін құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жібереді.

Келісімшарт жасасуға үміткер тұлға құжаттарды ұсынған күннен бастап келісімшарттың түпкілікті мәтіні мен жұмыс бағдарламасын сәйкестендіруді құзыретті орган екі айдан кешіктірмейтін мерзімде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары он бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жүргізеді.

Пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, сондай-ақ бірлескен барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған келісімшарттардың жобаларына экологиялық сараптама жүргізу үшін құзыретті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, ал облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы оның аумақтық бөлімшесіне мыналарды қамтитын құжаттар пакетін ұсынады: 1) тұлғаны конкурс жеңімпазы деп тану туралы немесе тұлғаның жер қойнауын пайдалану құқығын алуға тікелей келіссөздер жүргізуге құқылы екендігін көрсететін құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ілеспе хаты; 2) құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының осы тұлғамен келіссөздер жүргізу және операциялар жүргізуге келісімшарт жобасының талаптарын талқылау жөніндегі жұмыс тобы отырысының хаттамасы; 3) келісімшарт жобасы; 4) тұлғаның конкурста жеңіп шығуына негіз болған конкурстық ұсыныстың құзыретті орган немесе республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы куәландырған көшірмесі немесе тікелей келіссөздер хаттамасының көшірмесі; 5) келісімшарт түріне байланысты геологиялық немесе тау-кендік бөлу; 6) жұмыс бағдарламасының жобасы [2].

Пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, сондай-ақ бірлескен барлау және өндіруге арналған келісімшарт жобаларына экологиялық сараптама мыналарды қамтиды: 1) жоспарланатын басқару, шаруашылық, инвестициялық және өзге

қызметті іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтіруі мүмкін теріс салдарын анықтау және шектеу; 2) экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғаудың мүдделер теңгерімін сақтау, сондай-ақ табиғат пайдалану үдерісінде үшінші тұлғаларға зардаптың алдын алу; 3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасы талаптарының Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына, жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауға қатысты, жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау талаптары бөлігінде заңға, экологиялық сақтандыруға сәйкестігін тексеру [4].

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру кезінде алдын ала тапсырылатын құжаттардың негізгісі ол экологиялық сараптамаға өтініш. Яғни, қандай да болмасын шаруашылық қызметті бастамас бұрын оның қоршаған ортаға деген әсерін бағалау қажеттігін көрсетеді.

Өз тарапынан мемлекет жер қойнауын пайдаланушы субъектілерге жер қойнауын қауіпсіз пайдалануға талап қояды. Яғни, сараптама жүргізу кезінде қалыптасқан экологиялық жағдайды, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу ауданына қойылатын талаптарды ескеріп және бірінші кезекте экологиялық мүдденің тұруына ықпал етуі қажет. Сол себептен азаматтардың экологиялық мүдделерін қорғау үшін қоршаған ортаны қорғауда қолайлы механизм табу қажет. Бұл үшін экологиялық сараптама институтының рөлі маңызды болып табылады.

Экологиялық сараптама институты іске қосылатын объектінің нақты экологиялық жағдайдағы мүмкіншілігін және қоршаған ортаға деген жағымсыз әсер ету дәрежесін анықтап, жобаны жүзеге асыруға экологиялық көзқарас тұрғысында ғылыми қортындылармен сипаттамалар береді. Бұл орайда өңірдегі экологиялық ахуалды, қоршаған ортаның жай-күйін ескере отырып, ластаушы заттар эмиссиясының рұқсат етілген көлемдерін ғылыми негіздеу, табиғат пайдаланудың ерекше жағдайларын белгілеу қамтамасыз етіледі. Қоршаған ортаның ластануын нормалау халықтың денсаулығына және қоршаған ортаның жай-күйіне зиянды әсер етудің салдарларын барынша ескере отырып жүргізіледі, сондай-ақ жоспарланатын қызметтің әлеуметтік-экономикалық салдарлары да ескеріледі. Яғни, экологиялық сараптама

шаруашылық және өзге де қызметтің мүмкін болатын жағымыз әсерін ескертеді және бұл қызметтің экологиялық талаптарға сай келетінін анықтайды. Экологиялық сараптама жүзеге асырылатын объектінің экологиялық зиянды қызмет екендігін анықтайтындықтан табиғат қорғау қызметінің басты құрамы болып табылады. Себебі экологиялық сараптама қоршаған ортаның ластануынан сақтайтын алдын алу шарасы болып табылады.

Экологиялық сараптаманың екі түрі бар. Жоғарыда аталған мемлекеттік экологиялық сараптама жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін жасалатын экологиялық болжаудың бастысы және маңыздысы. Ал екіншісі қоғамдық экологиялық сараптама. Қоғамдық экологиялық сараптама деп тұрғындардың жекелеген топтарының, қоғамдық бірлестіктері мен ғылыми ұйымдардың бастамасымен қызметтің кез келген түрлерін экологиялық бағалау үшін құратын сараптау комиссияларының ерікті бастамасымен жүзеге асыратын қызметінің түрі.

Қоғамдық экологиялық сараптама жекелеген қоғамдық топтармен және тұрғындармен өзара ықпалдасуды күшейту, сараптаманың жоспарланатын объектілері бойынша барынша объективті ақпарат алу мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиялары болуы тиіс [6].

Қоғамдық экологиялық сараптама мемлекеттік экологиялық сараптаманың сол объектілері бойынша жүргізілуіне қарамастан жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл дегеніміз өз кезегінде салынайын деп жатқан өндіріс аймақтарына, пайдалы қазбалардың кен орындарын ашылуы қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалай отырып, тұрғындардың немесе сол аумақтағы халықтың, жекеленген топтардың, ұйымдар мен бірлестіктердің бастамасымен жүргізілетін іс шара.

Аумағында шаруашылық қызметті жоспарланып отырған облыс әкімдері өкілеттік берген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуді ұйымдастырудың және мемлекеттік тіркеудің тәртібін белгілейді.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысының ақпараттық және кепілдемелік сипаты бар.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру қоғамдық экологиялық бірлестіктердің және қорлардың өзіндік қаражаты есебінен немесе қоғамдық бастамамен жүзеге асырылады. Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізудің мемлекеттік тіркеудің тәртібі Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу туралы өтінім түскен кезде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган 10 күн ішінде мемлекеттік тіркеу журналында осы өтінішті мемлекеттік тіркеуді жүргізеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органға оның тіркелгені туралы хабарлайды.

Өтінімде қоғамдық экологиялық сараптамалық комиссия құрамы, экологиялық сараптамасы, оны жүргізудің мерзімдері белгіленген объектінің атауы туралы мәліметтер болуы тиіс.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы мемлекеттік тіркеу журналын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган жүргізеді және өзге де ережелерге қосымшаға сәйкес онда экологиялық сараптама объектісінің атауы, қоғамдық сараптамалық комиссияның атауы, қоғамдық экологиялық сараптамалық комиссияның құрамы (қоғамдық сарапшылардың біліктілік құрамы), сондай-ақ бұрын орындалған сараптамалық жұмыстар туралы (қосымша) мәліметтер болуы тиіс.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган өтінімді қарау аяқталған соң Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен өтінім берушіге тіркеу нөмірімен және күнімен мемлекеттік тіркеу туралы қорытындыны береді [3].

2004 жылы халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, табиғат пайдаланушылар қызметінің жобалық шарттарының ықтимал өзгерістерін ескере отырып, рұқсаттардың қолданылу мерзімін оларды ұлғайту жағына қайта қарау арқылы рұқсат беру жүйесін оңтайландыру көзделуде. Бұл кәсіпорындар санының тұрақты өсуін ескере отырып, түсетін құжаттамаға талдау жасауға үстірт көзқарас болмауы үшін қажет. Мысалы ретінде, “Аумағында сарапталатын қызмет көзделіп отырған жергілікті атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізудің мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту тура-

лы” ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 29 мамырдағы №149 бұйрығын жатқызуға болады.

Бұдан басқа, Қазақстанда жаңа нарықтық жағдайларда табиғат пайдалануды реттеу процесіне жұртшылықты тартуға мүмкіндік беретін пәрменді тетік болуға тиіс қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу заңдық тұрғыдан бекітілген. Бұл үшін экологиялық сараптамаға байланысты Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Бұл мақсатта, үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) табиғат қорғау қызметіне неғұрлым белсендірек тарту, олардың ғылыми және шығармашылық әлеуетін, үкіметтік емес ұйымдардың мүмкіндіктері мен ресурстарын қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге, оның ішінде заңнамалық актілерді әзірлегенде, экологиялық жобаларды қалыптастырғанда, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен экологиялық ахуалдың мониторингін өткізгенде кеңірек пайдалану қажет. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы №253 қаулысымен бекітілген Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының қабылдануын ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы ҮЕҰ-ны экологиялық жобаларды іске асыруға, қоғамдық экологиялық сараптама өткізуге қатысуға тартуға нақты мүмкіндік ашылды [2].

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 36-бабы 3,4-тармақтарына сәйкес қоршаған ортаға баға беру әсері жобаланатын объектінің болашақ қызметіне жатады. Жобаларды әзірлеуші және тапсырыс беруші қоршаған ортаға баға беру әсерін жүргізудегі нәтижесін ескеруге міндетті және қоршаған ортаға аз зиян келтіретін, осындай нұсқаларды қабылдауды қамтамасыз етеді [6].

Қоғамдық экологиялық сараптаманың қоршаған ортаға келтірілген зиянды болжау арқылы алдын алады және оны бағалай отырып зиянның

зардабын жою жолдарын ұсынады. Сондай-ақ мемлекет пен тұрғындардың, ұйымдар мен бірлестіктердің арасындағы қарымқатынас және жалпы адамзатың ортақ үйінің жағдайына деген алаңдаушылық пен аялаушылықты көрсетеді. Қазақстанда көптеген қоғамдық экологиялық ұйымдар мен бірлестіктер бар, бірақ осы ұйымдардың қызметі бір шама кенжелеп қалуда. Мұның себебі экологиялық сараптаманың ақпараттық, ұсынбалық болуында. Қоғамдық сараптаманың құқықтық мәртесіні қайта қарап толықтыру керек, яғни мемлекеттік сараптамамен теңестіру қажет. Қазақстан шикізат өндіруден алдығы қатардағы елдерге жатады. Бүгінгі өндіріп алған қазба байлықтар қоршаған ортаға әсерін тигізбей қоймайды, экологиялық зардап пен зиянның мөлшерін өлшеу және бағалау даулы мәселе болып келеді. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жер қойнауының ластануын болғызбауды, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендетуді қамтамасыз ету жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады. Жер қойнауының пайдалы қазбаларын іздеу мен барлау жұмыстарын болжаудың стратегиясы мен тактикасын қайта қарау қажет. Тек уақыттан оза дамыған геология ғылымы ғана жаңа кеніштерді ашудың сенімді болжамды қорын негіздеп, сарқылып бара жатқан минералды шикізат қорларының орнын толтыруға, оларды қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтай отырып, тиімді пайдалануға мүмкіндік туғыза алады [4].

Қоғамға өзінің экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғауға барынша жағдай жасай отырып, қоршаған ортаға қауіпті қызметпен айналысатын субъектілерге нақты және демократиялық тетіктер арқылы әсер ету қажет. Сонымен қатар қоғамды экологияландыру мен қоғамның құқыққа деген, мәдениетке, қоршаған ортаға деген көзқарасы өзгерер еді.

### Әдебиеттер

- 1 “Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы” ҚР 2010 ж. 24 маусымдағы № 291-IV Заңы
- 2 “Мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу ережелерін бекіту туралы” ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №207-ө бұйрығы.
- 3 Аумағында сарапталатын қызмет көзделіп отырған жергілікті атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізудің мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 29 мамырдағы №149-ө бұйрығы.
- 4 “Айқын” Республикалық қоғамдық-саяси газеті. Мақала “Табиғи қорлардың таусылатын күні болады” 20.04.12. <http://www.aikyn.kz>
- 5 “Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларының сараптамасын жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы” ҚР Үкіметінің қаулысы № 118 2011 жылғы 10 ақпан.
- 6 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 2007, 9 қаңтар. – А.: ЮРИСТ, 2012. – № 212.

### References

- 1 The Law of the Republic of Kazakhstan “On Subsoil and Subsoil Use” dated 24 July 2010 № 291-IV.
- 2 Order of the Minister of Environment of the Republic of Kazakhstan on June 28, 2007 № 207 -p “On approval of the state ecological expertise” .
- 3 On approval of the Rules of state registration of public environmental assessments undertaken by local authorities in whose territory the planned expertized activity. Order of the Minister of Environment of the Republic of Kazakhstan on May 29, 2004 № 149 -P. Registered in the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan 23 June 2004 number 2911 . Abolished by order of the Minister of Environment of the Republic of Kazakhstan on April 2, 2010 № 81- Ө.
- 4 «Aikyn « Republican gazeteta for public sector policy . « Tabiғi қorlardyң tausylyatyn күni Bolado « Article 20.04.12 . <http://www.aikyn.kz>
- 5 “On approval of the Rules of expertise of the subsoil use contracts “ Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan on February 10, 2011 № 118.
- 6 Environmental Code of the Republic of Kazakhstan, 2007 January 9. – А.: LAWYER, 2012. – № 212.